

Қ. Сартқожаұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Казақстан  
(e-mail: kharjaubay@mail.ru)

## Күйс-Толғой (НТ1) брахми мәтінінің байырғы түрікше оқылымы

**Аннотация.** Орталық Азияның көшпелі халықтардың тіліне, тарихына байланысты тарихи құжаттар бұған дейін ж.с. VIII-XI ғг- да жазылып, бүгінге жеткенеді. Олар: байырғы түрік бітіг жазулары (руника), соғд, манихей алфавитімен жазылған мәтіндер еді. 1974 жылды Орталық Монголия жерінен алғаш рет ежелгі санскриттің брахми алфавитімен жазылған ұстын табылды. Ол ұстының мәтіні 2017 жылға дейін құпиясы ашилмай 73 жылды артқа тастағы. 2017 жылды санскриттанушы неміс галымы Дитер Maye осы құпияның кілтін тауып тек қана транслитерациясын жариялады. Мауенниң транслитерациясын А.Вовин, Л. Хүрцбаттарлар пайдаланып көне монгол тілді құжат деп көріп талпыныс жасады. Өкініштісі бұл талпыныс сәтті болмады.

Осы мақаланың авторы брахми алфавитімен байырғы түрік тілінде жазылған мәтінді оқып, жаңғыртуып, тарихи және лингвистикалық анализ жасап ұсынып отыр.

Мәтін бұдан 1400 жыл бұрын жазылған. Алғашқы Қек Түрік қaganатына байланысты тарихи оқиғалардан ақпарат береді. Алғашқы Қек Түрік қaganаты батыс, шығыс болып болінген кезеңдегі Елбасыларының тағдырына, өлеміне байланысты сенімді ақпарат қалдырган.

Монгол ұстіртіндегі бәсекелес екі ұлken топ қыпшақтар мен огуз группасының басты тайпаларының іс-қимылдарын сөз еткен. Онымен қатар тұтынған діні, палеоэтнографиясынан хабардар етеді.

**Түйін сөздер:** Күйс-Толғай; брахми шрифті; байырғы түрік тілі; Монгол тілі; Нури (Nuri) қagan; Төлес қанаты; шивәй; Керей; байырқу; бұгра; транслитерация; транскрипция, i (и), ī (ы), j (ү), h (q), ң=ң (ң), j (ж).

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2021-136-3-105-132>

Тұсті: 20.07.2021 / Жарияланымға рұқсат етілді: 05.08.2021

### Мақаланың өзектілігі

Күйс-Толғай (НТ1) мәтіні ертеорта ғасырдағы отан тарихын жаңғыртуға қосылып отырған сирек (уникальный) түпнұсқалардың бірігейі. Байырғы Түрік бітік (руна), соғды, манихей алфавиттермен түркі тілінде жазылған түпнұсқалардан бұрынғы құжат. Дәлірек айтсақ әлемдегі түркі тілді алғашқы дерек. Пратотүрік тілінің бізге жеткен алғашқы нұсқасы. Бұл жағынан алып қарасақ


пратотүрік тіл лингвистикасының теориялық мәселесін қайта қарауға жаңа деректер итермелеп отыр. М: «ј» (ж) фонем мәселесі.

Түрік тарихының алтын арқауы ру, тайпадан басталады. Осы алтын арқаудың ұлken желісін ұстаған Керей, Қият, Үйсін, Қаңлы, Бұғра тайпалары қазақ тарихымен қатар орта ғасырдағы бүкіл түркі тарихын жаңғыртатын негізгі кілт.

Кейінгі Қазақ мемлекетін (хандығын) құрушы Керей тайпалық одағы, Қоңырат,

арғын тайпаларының арғы бабаларға болушы байырқу, Қараханид хандығын құрушы Бұғра (қараңыз. Бұғра Сұлтан Садук) тайпалары іс-әрекеттерінен тамшыдайын болса да ақпарат береді.

Нақтылап айтсақ қазақ халқының тарихын екі мың жылға созып қарастыратын мүмкіндікке қол жеткізеді.




1 сурет. Күйс-Толғой ұстыны

### Зерттеу әдістері

Бұл ұстынды алғаш мәрте Монғолия ғалымдарының Тарих институтының ғылыми қызметкерлері М. Шинэху 1974 жылғы жазғы экспедиция кезінде тауып жариялаған [1, 100 б.]. Келесі жылы археолог Д. Наван Орталық Монғолия Ханғай үстіртінің (Бұлғын аймағы Могды сұмыны) Күйе-Толғай деген жердегі ұстынға тап болып Улан-батар қаласындағы Тарих институтының қоймасына алып келіп сақтаған [2].

Ұстынның орналасқан координаты N49°, E103°. Бірінші ұстын (HT1) биіктігі 154 см, көлдененеңі, 0,41 см, қалыңдығы 0,12-0,15 см. Екінші ұстын (HT2) биіктігі – 162 см, көлдененеңі – 0,40-0,45 см, қалыңдығы – 0,20-0,21 см.


Мәтін жоғарыдан төмен қарай бағытталып жазылған.



2 сурет. Күйс-Толғой ұстыны

1984 жылы осы жолдардың авторы ұстын түрғызылған орынға барып сипаттамасын, Улан-батардағы ұстыннан көшірмесін жасады [3]. Күйс-толғай ескерткішін 2003 (қазақ тілінде), 2007 жылғы (орыс тілінде), басылымдарына енгізіп жарияланды. Атальыш Дағалық экспедиция есебінде де, монографиямизда да, Аталаста да, Күйс-толғай мәтіні ежелгі бархми алфавитімен жазылғанын қадап айтқан едік.

Н.Базылхан Күйс-толғай ұстынның сипаттамасы, фотосын беріп, жазу брахми алфавитімен жазылғанын айттып 2003 жылы ұстын мәтінінен эстампаж алып, фотога түсіріп көшірмесін жасап, 2011 жылы Индияның Жана Дели қаласында болған халықаралық конференцияда баяндаға жасады [6, 71-77].



**3 сурет.** Күйс-Толгой көшірмесі

Германияның атақты санскриттанушығалымы Дитер Maye 2014 жылы Улан-батар қаласына барып, қоймада сақталған Күйс-толгой ұстынын фотага түсіріп, жазуын қолмен көшіріп қайтқан. Нәтижесінде «The Khuis Tolgoi inscription – sings and sound» атты еңбегін жазды.

Ғалым Дитер Maye 2017 жылы Венгрияның Szekertehervar қаласында Алтайтанушылардың 60 жылышында (PIAC) Күйс-толгой НТ1 ұстыныңдағы брахми алфавитінің кілтін тауып әріп кескіндерінің мәнін белгілеп әлем филологтарын таңқылдырған сенсациясын жариялады [7].

1. Дитер Maye еңбегі 4 бөлімнен тұрады. Онда: 1. Брахми жазуларының нұсқалары (вариант) туралы түсінік (вариант) (Оңтүстік, Шығыс Түркістан, Сағд, Тохар, Үйғур).

2. НТ1-дегі Күйс-толгой мәтініндегі мәні белгісіз біраз алфавиттерді Буғұты (Монголия), Кергенас (Қазақстан Тарбағатай атауы), Тумшукес (Тәжікістан) жерінен табылған брахми әріп кескіндерімен салыстыра қарастыра отырып Күйс-толгой ұстын жазуының кілтін тапқан.

Зерттеу нысанына осындай анализ жасаумен қатар мәтіннің транслитерациясын, транскрипциясын жасаған. Күйс-толгой мәтінінде брахми алфавитінің Тохар нұсқасы басым болғанымен біраз әріп кескіндері онда кездеспейді екен. Осы алфавиттердің мәнін Тарбағатай тауынан табылған Кергентас Монголиядағы Буғұты, Қазақстанның Тараз қаласынан табылған алфавитімен салыстыра анализ жасай отырып белгісіз кескіндердің мәнін анықтаған. Онда: дауыссыз 4 дыбысты белгілеген шрифті мен дауысты 2 дыбысты белгілеген әріп кескіндері НТ1-де Буғұты, Кергентас алфавитінің сыртында Бактриян әріпін қолданған. Бұл нені білдіреді? Біздің сөз етіп отырған НТ1 (Күйс- Толгой) Ұстыны Буғұты (Монголия), Кергентас (Қазақстан) мәтіндерін сабактастығын көрсетеді. Әрі аталмыш екі ұстынан кейін жазылған жазу болғанын Д. Maye нақты дәлелдермен (K, gla буындар мәні) көрсетіп, тұжырымдаған.

Тохар брахми жазуы солдан оңға қарай горизантал бағытта жазылады. Ал мына НТ1-жазуы жоғарыдан төмен қарай жазылған.

3. Брахми алфавиті сол тілдің буын ерекшелігіне арналап жасағандықтан, жат тілдің ерекшелігін дөп басып бере алмайтыны түсінікті. Д. Maye брахми тілінің әсерінен шыға алмағандықтан, бөтен тілдің дыбыстарын жаңғыртып бере алмаған.

Брахми алфавитін қолданушы, жат тілдің дыбыс жүйесінің ерекшелігін менгерген болу керек. Maye маңында жүрген адамдардың әсерімен Күйс-толгой тілін протомонгол тілі деген тұжырым жасаған. Ондағы сүйенген дәлелі мәтін тіліндегі сингорменизм заңдылығы еді. Алтай тексті тілдердің

барлығында сингормонизм заңдылығы негізгі рөл атқарады. Соның ішінде Түркі, Монгол тілдерінде осы заңдылық басым сақталған.

4. Д. Maye брахми алфавитімен жазылған мәтіннің әрбір буынын таблицаға енгізе отырып транслитерациясын жасаған. Сол арқылы жаңғыртып транскрипциясын берген.

Осыншама ауыр да, азапты жұмысты Жанкештілікпен жасап шыққан ғалым Дитер Maye мырзаға мың қайтара алғыс айтып бас иеміз. Д. Maye мырзаның бұл еңбегі үрпақтан үрпаққа жалғасып отыратын болады. Санскриттанушы ғалым Д. Мауенниң жасаған транскрипциясымен танысалық:

Дитер Мауенниң транскрипциясы:

- (01) b<sub>i</sub>t<sub>i</sub>-ñar kagan digi;n ši;nin bodi-satva torox
- (02) kagan bud<sub>a</sub> kaganu ukax ukaju x<sub>i</sub>r<sub>i</sub> aňakay
- (03) ...t<sub>i</sub>n jax bod<sub>i</sub> bigiy-ñar bay<sub>i</sub> doluňaju hügbü[?]
- (04) +? b[i]t<sub>i</sub> j<sub>i</sub>lonar k(a)ranyaguň tuwa puro r<sub>i</sub>či;r<sub>i</sub> pügtig ñälän
- (05) × k[a]ga[nu?] + kato-ñar dügi;d n<sub>i</sub>r<sub>i</sub> kagan türük kagan
- (06) uč d(o)r<sub>i</sub> tayaju x<sub>i</sub>r<sub>i</sub> härgin bargo[l] palx<sub>i</sub>r [+Jxač<sub>i</sub> hi<sub>i</sub>gb<sub>i</sub>]j
- (07) tüg<sub>i</sub> ukabar-ñar kagan xan<sub>i</sub> Jułaba tunu tügnyā tuwa
- (08) + xa[] tu[] to[go?]gun pügtigči ši;nin bodisatva torox kagan
- (09) [+]/[]+ []yu<sub>i</sub> uč biti<sub>i</sub>hi<sub>i</sub>ñ ++ gux tuwa-ñar kagan torox kaganun
- (10) + pada n<ñ<sub>i</sub>>r<sub>i</sub> kagan türük [ka]ga[n] []ñ<sub>i</sub>j<sub>i</sub>n ubñ<sub>i</sub> jałobaj darkad Jayab<sub>i</sub>
- (11) [?]run bitig + säg pag [ ++ ] j[] [ ? ] darkan ba | t<sub>i</sub> b<sub>a</sub> ka  
[blanco]

Франциялық лингвист-турколог А.Вовин, Д. Мауенниң рұқсатымен оның транслитерациясының бірде бір нұктесін өзгеріпестен пайдалана отырып мәтіннің басқаша жаңғыртпасын жасауға әрекеттеннен. Оның өзінде төртак сөздің басқаша транскрипция жасады. Олар 2 жолдағы- x<sub>i</sub>r<sub>i</sub> (Kera); 3-жолдағы-hügbü (hügbüt); 4-жолдағы- ñälän (nelan); 6-жолдағы -xiri härgin (Kera erkin) сөздер болмақ . Александр Вовинниң жасаған жаңғыртпасымен танысалық [8]:

1. biti[g]-ñar qay'an digin şirne-n bodi-satva töro-k
2. qay'an buda qay'an-u uqa-qu uqa-ju kera Añaq
3. [?.]-i te-n ja-qu bod-i beg-ey-ñar bayyu-Ø dolu ja-ju (h)ügbü +?

4. b[i]t<sub>i</sub>[g] jilo-nar q[a]ra-n[V]ya-γuń tuwa puro -r čiči-rä pügtig néle-n
5. [+ ] q[a]γa[n-u? + ] qato-ñar düge-d nīri.. qay'an türük qay'an
6. uč d[ö]rö taya-ju kera erkin bar-γo[l] pałxir[+] xaci, h īgb<sub>i</sub>-j
7. tüg-jü uqa-ba-r-ñar qay'an qan-ı Juła-ba tün-ü tüg-n[V]yä tuwa
8. [ir]ge[n] tu [] to[γo]-γun pügtig-či šińi-n bodi-satva töro-k qay'an
9. [+][+][+] [l]-yU uč bitig-ií [ + + ] g[x-+] tūwa par qay'an töro-k qay'an-un
10. pada- Niri qay'an türük [qa]γa[n] [k/g]j<sub>i</sub>-nu<sub>i</sub>-jjalo-ba-ž darqa-d Jay bi
11. [e']ün bitig [+säg pag [ +? +? ] j[] [ +? +? ] darqa-n b[i]ti-be qa

А. Вовин бұл жаңғыртпасына лингвистикалық түрғыда түсініктеме бермек болған.

Мақаласында: «Қазіргі жағдайда толық оқып түсініктеме беру мүмкін емес. Ары қарай терең анализ жасаса қандай бір монгол тілді мәтін болатынына күдіктенуге болмайды» деген. Арықарай: «Нақты себептермен жазылған бұл тілдік мәтінді протомонголдың бір нұсқасы деп атауга болады. Оның нақты ерекшелігі Щивэй-кидан тілімен ұқсастығы. HT1 тілі монгол текстес ортағасырлық және қазіргі тілі монгол тілдерімен тым жақындығы» дейді [8].

Бұл фраздан нені түсінуге болады?

– Мәтін толық оқылмаған, түсініктеме беру мүмкін емес;

– Сөйте тұра, терең анализ жасаса мәтін монғол тілді болатынын алдын ала болжайды;

– «Нақты себептермен жазылған протомонғол (жыл санаудан бұрынғы ежелгі монғол автор) тілінің бір нұсқасы» дейді. Шивэй тілінде жазылған бір сөйлем, бір сөз біздің заманымызға жеткен жоқ. Соңда ол қандай тілді айттып отырганын түсіне алмадық.

– Ишкі Монғолия ғалымдарының Кидан тілін жаңғыртып жариялаған мақалаларымен таныспыз. НТ1 мәтін тілін кидан тіліндегі сөз қорымен салғастырып қарадық. Өкініштісі үқастық таппадық.

– Монғол текстес орта ғасырлық және бүтінгі тірі тілімен Күйс-толғой тілінің үқастығын көре алмай тұрмыз.

– Осылай бола тұра А. Вовин: «Мақаласында «НТ1 мәтін тілі Киданнан гөрі Монғол тілінің жүйесіне тым жақын дегенге мен сенімдімін. Бұл географиялық орналасу мәселесі тарапынан алып қарасаңыз, өзін-еzi ақтайды. НТ1 солтустік Монғолияда орналасқан Кидандардан алыс» дейді.

А. Вовиннің бұл уәжі НТ1 тілін монғол тілді деп қорытынды шығаруға дәлел бола алмайды. Кепілдік бере алмайды. Кидан тілінің жазба құжаттары IX-XII ғғ. аралығынан белгілі бола бастаған А. Вовиннің жасаған жаңғыртпа транскрипциясынан мен өзбасым бірде бір монғол сөзін таппадым.

Осы жолдардың авторымен монғол тілін ұлттық тілімнің деңгейінде менгерген адаммын. Университетте Монғолдың құпия шежіресін жаттап өстік. Көне монғол тілін монғол ғалымдарының монғолтанушы ғалымдардың тілінде менгерген монғол филологиясының (лингвистика) маманымын. Онымен қатар бүкіл өмірімді Байырғы түрік руникалық жазуын іздел табу, оқу, тарихпен үштастыру, этнолингвистикалық анализ жасауға арнаған адаммын.

Александр Вовин мақаласында: «Ұлы даланың аглотативтік тілінің жазба нұсқасы деп дәлелденген алғашқы Алтай текті тілі-түркі тілі емес екенине толық сенімдімін. Менің дайындаған баяндама тілділіміне жаңалық енгізумен қатар, аса ұлken төңкеріс алып келді» [8] депсіз. Оған уақыт атты қatal

сыншы баға береді.

Күйс-толғой жазуын оқуға үшінші болып талпынған адам Германияда бизнеспен әрі ғылыми ізденіспен жүрген ҚХР-ның бұрынғы азаматы Л.Хурцбаатар Д. Мауеге жолығып оған шәкіртікке енген екен. ҚХР-ның Ишкі Монғолияда туып өскен монғол Л.Хурцбаатар доктор Д.Мауенің Күйс-толғой мәтіні монғол тілінде жазылған болуы мүмкін деген пікірі мен «Монғол даласындағы брахми жазу» деген сөзін малданып, қазіргі монғол тілімен оқуға күш салған. Л. Хурцбаатар Монғолияның Археология институтының қоймасындағы мәтінге көшірме жасағаны туралы еңбегінде белгіленген. Бірақ, оның бұл көшірмесі Н. Базылхан, Д. Маулердің көшірмелерімен салыстырғанда қаншалықты айырмашылықта болғаны туралы сөз қозғамаған. Өйтсе, Д. Мауенің жасаған транскрипциясын толық пайдалана отырып, монғол тілінде оқып аударуды мақсат еткен (2019). Мәтін орта есеппен не бәрі 84 сөзден Л. Хурцбаатар есебі бойынша 100 сөз тұрады. Соның ішіндегі 6 сөзді Д.Мауеден бөлекше транскрипция жасаған. Олар: 1-жолдағы Buda (boda); 4-жолдағы aguñ (xong); nälän (nälän); 7-жолдағы tuwa (tuwar); 9 жолдағы фрагмент ..i..iyu ўç (dolaјau); 10-жолдағы iјin (göjин) лексикондар. Л. Хурцбаатар транскрипциясында қазіргі монғол тілінің сөздік қорына сүйеніп, мәтінді монғол тілінде оқымақшы болған. Оның өзі 3-4 сөзден аспайды.

Мәтін лексикасы ішінде дауысты дыбыспен басталған сөздер тым аз. Түркі, монғол тілдері, вокализм басым тілдер. Үш автордың дауысты дыбыспен басталатын сөздерін таблицамен көрсетейік:

Күйс-толғой брахми мәтінінің кілтін тауып алғаш рет транслитерация, транскрипция жасаған Д.Мауе, мәтін монғол тілінде жазылған болуы мүмкін деген ой айтқан. Ал, аталмыш транскрипция жаңғыртып оқыған А.Вовин, Л. Хурцбаатарлар мәтін монғол тілінде жазылған деген тұжырым жасады.

Өйтсе монғол тілі қашан қалай қалыптасқаны туралы мәселені ең алдымен қысқаша алып қарастыруға бұл авторлардың пікір бізді итермелеп отыр.

Таблицамен көрсетсек:

Жеке сөздер Авторлар	Uqaju (2 жол)	Uč (6,8 жол)	Üč (6-жол)	Ukabar (7-жол)	Ubiju (10-жол)	Erkin (3 жол)	Anaqaj (2-жол)
Д. Maye	+	+	-	+	+	-	+
А. Вовин	+	+	+	+	+	+	+
Л. Хурцбатар	+	+	-	+	+	-	+

Не бары жеті-ақ сөз. Ойланатын мәселе.

Л. Хурцбатар жаңғыртпасы. (Бұл Д. Maye жаңғыртпасының бір нұсқасы)

1. biti nær kayan digin šini-n bodisatva töröh(ö)
2. kayan boda kayan-u ukah ukaju hiri anakaya
3. .... bidin Jaha bodi bigiyä nær bäyi doluňaju fiugbü
4. biti jilo nar kara naya γong tuwar pürör čičiri pügtig nälan
5. niri kayan-na kato nar dägid niri kayan türük kayan
6. uča dora tayiju hiri fiärgin baryo pahiruhači fiigbijü
7. tüğäjü ukabar nar kayan hani julaba tünü tüğäniyä tuwar
8. .... disatva ti katon kayan pügtigči šini-n bodisatva töröh(ö) kayan
9. dolajaju lo(la) uča-da bitigin kayan-hi tuwar nar kayan töröh(ö) kayan-un-a ....
10. pada niri kayan türük kayan göjin ubijü julabaju darkad jäyibi
11. uh bitig .... säg paya(pay) .... ja(ju) .... darkan bitibä ka

Бүгінгі күні «монгол» деп аталған халықтың бабаларын (протомонгол) ғалымдар Қытайдың Вэйшу, Сүйшу, Ески Таншу (ЦТШ), Жаңа Таншу (СТШ) түпнұсқаларында Мәнгү Шивәй, Мэнва (menba) шивәй деп аталған тайпалардан таратады. Бұл пікірді ту баста францияның ғалым П.Пеллио белсене қолдаған еді [10, 146, 326]. Ширатори К. [24, 502-205], П. Пеллионың ұсынысын Ту жи [11, 687; 1,2], Л.Г.Легети [18, 334], И.Амбис [12, 126-127], Х.Серрюс [13, 475], Л.Л. Викторова [20, 41-67], В.С. Таскин [21, 135-141], Кычанов [26, 138], П. Рачневский [14,152] сияқты ғалымдар мен бірге монголдың тілші, тарихшы ғалымдары қолдап, монголдардың арғы тегі Мәнгү-шивәйлерден шыққан деген қорытындыға келген [22,123-139].

Шивәй атанған тайпалар 840 жылға дейін рулық жүйеде басы қосылмай ру басшылардың басшылығымен өмір кешкен. Таң династиясының көне шежіресінде (ЦТШ). Олардың руларын «ви» деп атаған. Онда шивәйлер бірнеше ондаған тұтін, кейде бірнеше жұзделеген тұтін бірігіп қоныстанып өмір сүреді. [21, 140, 138] деген. В.С. Таскин «ви» атауын «кочевье» деп аударған. Бұл «куренъ» болуы мүмкін деген пікірді синолог Г. Сұхбаатар ұстанады [25,45].

Иә, ол заманда қауіпсіздік үшін, өзін-өзі басқа тайплардың қорғау мақсатында еб (түрікші), курень (монголша) болып көшіп қонып жүрген.

Олар Эргүнә дариясының бойын (кейін «Амур» деп аталған) мекендейген. Амурды

қытай дерегінде «Ваньшуа дариясы» деп атаған. Олар 840 жылға дейін йесіз (без хозяина) өмір сүрген. Сүй династиясының дәуірінде 25 бу шивэй болған. Таңның соңғы кезеңінде йесіз 17 бу болған. Таңның соңғы дәуірінде 9-та түсіп бұлардың саны азайған. Олар басшыларын «мохә фу» деп атапты [23, 276]. Ол байырғы түркше «баға» деген шенниң атауы.

Таң династиясының соңғы кезеңі кезінде үш үлкен топқа жіктеле бастаған.

1. Нань шивэй: Оған Үсугу, Шаймо, Хәжә, Сайхәжи, Улоху, Нали Уваньо, Дун Шивэй, Дагоу.

2. Бәй шивэйге: Линси, Шаньбәй, Хуантоу, Да Рүжә, Сяо Рүжә, Пово, Нәбәй, Лото.

3. Да шивэйге: да шивэй, си шивэй, мәнгү, лото шивэй [22, 134; 15, 174-175; 14, 246] деп жіктеп көрсеткен.

Онымен қатар осы Таң династиясының ескі тарихында (ЦТШ): «Да шивэй мен мәнгү шивэй екеуі бір тілде сөйлеседі. Қалған басқалары бұлардың тілін білмейді» [14, 246; 22, 133; 21, 139]. Бұл ақпарат Да шивэй мен Мәнва шивэйден басқалары Тунгус немесе Маньчжу тілді болуы мүмкін деген ойға жетелейді. Ал Да шивэй мен Мәнва (Мәнгү) шивэй түрк тілді тайпалар (куренъдер) болуы мүмкін деген тұжырымға итермелейді. Олар IX-XI ғғ. Онон дариясының бастау басы Кентай тауына келіп қоныстанғанын Монголия Республикасынан ҒА-ныңқаадемиги; тарихшы- медиавист Ш. Нацагдорт [29, 51], тарихшы-

медиавист доктор Д. Гонгор [30, 43-65] ғылыми сараптама жасай отырып анықтаған. Қытайдың көне нұқсаларын жетік мәңгерген Ішкі Монголияның атақты филологі әрі тарихшы М. Иринчин: «Түрк, үйірлардың күйреуі Монгол үстіртіне топ-тобымен IX ғасырдың соңынан бастап Шивэйлар көшіп келуіне мүмкіндік тудырды [31, 126] деп нақты көрсеткен. Онымен қатар Монгол тарихының, әдебиетінің, тілінің бізге жеткен алғашқы тарихи түпнұсқасы «Монголдың құпия шежіресі» атты еңбекте Бодончор ағасы Буха-Қатақиға: «жаңағы Түнкелі бұлақ бойындағы адамдар иесіз. Басшысы жоқ жақсы мен

жаманда айырмайды. Осыларды жаулап алсақ, қалай қарайсыз» дейді. Олар Аданхан Урианхайлар еді. Кентай тауынан бас алған, Онон дариясының басында осы адамдар тобын жаулап алғаннан бастап кейін Монгол аталған халық топтаса бастаған [28, 36-39] МҚШ-де бұл адамдар Көбсүкөл (Ховсөл) көлінен өтіп келгені туралы сөз етеді [28, 1, 39-43] Көбсүкөл ол заманда байырғы Түріктердің мекені еді.

Bodun-байырғы түркше «халық» һор – сол топтың тайпаның басшысының лауазымы.

Сияньбillerер Иньшань, Ордосқа қарай жылжығаннан кейін олардың ескі мекеніне мәнгү- шивэйлер келіп қоныстанды деп ЦТШ хабарлайды [22,127]. Сияньбillerдердің ескі мекені Хянган жотасының солтүстігі, Көлөнбор, Далайнүр болып келеді. Нақтырақ айтсақ байырғы түрк тайпаларымен араласып көршілес қоңсы қонған. Міне, бұрын тунгус, маньжулармен мыңдаған жыл бірге өмір сүрген шивэйлер кейін 840 жылдан соң сияньбillerмен көршілес болып түркі тілді халықтармен жаңағы Бодунчор басшылық еткен тайпалармен араласқан. Шивэйлер тілі осылайша тунгус, маньжу, түрк тілімен араласып жаңа тілді болған. Сөйтіп жаңа тіл пайда болды. Ол бүтінгі монголдар тілі еді.

Ғалымдардың анализі бойынша бүтінгі монгол тілінің түбір сөзінің 50-60% түркі тілдермен үқас болса, жалғаулықтарының 70% бірдей [27]. Өйтсе монгол тілі ж.с. IX-XIII ғғ. аралығында қалыптасқан тіл болмақ. Ж.с. 600 жылдары Шивэйлер (протомонголдар) рулық деңгейде, бастарын құрай алмай, бір тудың астына жинала алмай жүрді. Империя құрып, бүкіл Орталық Азияға билігін жүргізіп түрған алпауыт түріктердің мемлекеттік тілі тайганың жабайы шивэйлер тілінде болды, рухани құндылықтарын сол тілде (протомонгол) жасады дегенге XXI ғасырда ешкім сене қоймас-ау!

### К. Сартқожаұлының нұсқасы

Негізгі нысан (объект) болып отырған Қүйс-толғой мәтінінің тілін байырғы түрк тілінің сөз қорынан қарастыруға тұра келді.

Біз Д. Мауенниң жасаған транскрипциясын сәтті болғанын баса айта кетуді жөн көрдік [25,81-82]. Бұл ғалымдарға рахмет айтамыз. Сондықтан да тастағы әріп кескіндерін бір шама дұрыс көшірілгеніне сенімдіміз. Күйс-толгой мәтінінің әр бір буындарға бөле қарастырған түпнұсқасын, оның транслитерациясын, және байырғы түрікше жаңғыртпасын беріп отырмыз. (Таблица №1)

Д. Мауенниң транслитерациясын көзсіз көшіре салмадық. Оның қағаз бетіне түсірген әрбір брахми әріп кескіндерін Н.Базылхан, Л.Хурцбаатар, М. Шинәхуу сияқты автор көшірмелерімен салыстыра қарастырдық. Солардың ішінде Д. Maye, Н.Базылхан, Л.Хурцбаатарлардың жасаған көшірмелері

Қысқартылған есімдер:

- DM- Dieter Maue
- АВ- Александр Вовин
- Л. Хурц. -Л. Хурцбатар
- КС- Қаржаубай Сартқожа

№1 таблица Бірінші жол

сөз №	буын №	түпнұсқа	дм	ав	л.хурц.	кс	байырғы түрікше жаңғыртпасы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	1.1.		bi	bi	bi	bi	biti~
	1.2		ti	ti [g]	ti	ti	~bit (t)i [1]
2	1.3.		ňar (ňar)	-nar	nar	anjар	anjар [2]
3	1.4.		ka	qa	ka	qa	qayan
	1.5		gan	yan	gan	yan	
4	1.6.		di	di	di	ti	tigin
			gin	gin	gin	gin	
5	1.7.		ši	ši	šin (šjn)	sİN	sİNİN [3]
			nin	nen	nin	nİN	











## Екінші жол

1	2	3	4	5	6	7	8
8	2.1.		ka	qa	ka	ka	qayan
			gan	yan	gan	yan	
9	2.3		bu	bu	bu	bu	bud[d]a
	2.4		da	da	da	da	
10	2.5		ka	qa	ka	qa	qayani
	2.6		ga	yan	ka	ya	
	2.7		nu	nu	nu	nii	
11	2.8		u	uq	u	u	uquh~*uquy[5]
	2.9		ka=xs/kax	aqu	u	quh	
12	2.10		u	u	u	u	uqaju
	2.11		ka	qa	qa	qa	
	2.12		j	ju	ž	žu	
13	2.13		xi	ke	hi	ke	kerej [6]
			ri	re	ri/rj	re[j]	
14	2.14		a	a	a	a	
	2.15		na	na	na	na	
	2.16		kä-y	qay	kay	qaja	anaqaja [7]

Үшінші жол

1	2	3	4	5	6	7	8
15	3.1		эрозия				эрозия
16	3.2			=	bi	eb	ebden [8]
	3.3		tä-n	ten	di-n	din/den	
	3.4						
17	3.5		ja	ja	ja	ja	jaqa
	3.6		xš	x	ha	qa	
18	3.7		bo	bo	bo	ab	abad [10]
	3.8		da	d-i	da	ad	
19	3.9		bi	be	bi	eb	ebgie (табынға) [11]
	3.10		gä-y	gey	giya	gie	
20	3.11		ňär	nar	nar	ajar	ajar
21	3.12		ba	ba	bä	ba	ba; i[12]
	3.13		yı	yyi	yi	j i	
22	3.14		do	do	do	to	juja~* juša~ jusa~ jusa[di] [13]
	3.15.		lu	lu	lu	lü	
	3.16.		ja/ju	ja	ja	ju	
	3.17		ju/ja	ju	ju	ja	
23	3.18		hüg	(h)ug	hüg	käg	kögbün~ kögüb~* kögüp [14]
	3.19		bü	bü	bü	bw	

Төртінші жол							
1	2	3	4	5	6	7	8
24	4.1		bi	bi	bi	bi	bit[t]i [15]
	4.2.		ti	ti [g]	ti	ti	
25	4.3		ji	ji	ji	jo	jolo [16]
	4.4		lo	lo	lo	lo	
26	4.5		ñar	nar	nar	an	ajnar
	4.6					ar	
27	4.6 4.7		krar~*kara	n[v]	kara	qara	qara
28	4.8 4.9		ya	ya	naya	ja	jayin [17]
29	4.10		guñ	yun	yong	yin	
30	4.11		tu	tu	tu	tu	tuwar~*tuvur [18]
	4.12		va/wa/	wa	war	war	
31	4.13		pu	pu	pu	bo	boruči [19]
	4.14		rör	ror	rör	ru	
	4.15		či	či	či	či	
32	4.16		či	či	či	[i]či	ičre
	4.17		ra	rä	ri	re	
33	4.18		püg	püg	püg	bög[ü]	bögü [20]
	4.19		=	=	=	ai	aitis
	4.20		tig	tig	tig	tii	
	4.21		=	=	=	iis	
34	4.22		ñ(y)a	ne	nä	ay	aŋlan
	4.23		la-n/lan	lan	lan	lan	

Бесінші жол							
1	2	3	4	5	6	7	8
35	5.1.		ni		ni	ni	niri
	5.2		ri		ri	ri	
36	5.3		ka	qa	ka	qa	qayanij
	5.4.		gan	ya	yan	yan	
	5.5		nu	[nu]	na	iŋ	
37	5.6		ka	qa	ka	qa	qatun
	5.7		to	to	to	tu	
38	5.8		ňar	nar	nar	aŋar	aŋar
39	5.9		du	du	dë	ed	edgu
	5.10		gä	gi	gi	gü	
40	5.11		d	d	d	te	teŋri
	5.12		nä	ni	ni	iŋi	
	5.13		rä	ri	ri	ri	
41	5.14		ka	qa	ka	qa	qayan
	5.15		gan	yan	yan	yan	
42	5.16.		tü	tü	tü	tü	türük
	5.17		rüg	rük	rüg	rüg	
43			ka	qa	ka	qa	qayan
	5.19		gan	yan	yan	yan	

## Алтыншы жол

1	2	3	4	5	6	7	8
44	6.1.		u	u	u	u	uča
	6.2		n/č	č	č	ča	
45	6.3		dro/doro	dörö	dora	törö	törö [21]
46	6.4		ta	ta	ta	ta	taj aju [22] j~* č
	6.5		ya	ya	yi	jy	
	6.6		ju	ju	ju	ju	
47	6.7		xša/xj	ke	hi	ke	kerej
	6.8		re/ri	ra	ri	re [i]	
48	6.9		ha-r	er	här	qar	qarkin [23]
	6.10		gö-n	kin	gin	kïn	
49	6.11		ba-r	bar	bar	ba[j]r	bajirqu [24]
	6.12		go	yo	go	gu	
50	6.13.		pa	pa	pa	pu	buyra [25]
	6.14		xšä/xä	xïr	ha	yura	
	6.15		či	xaci	či	či	čibijü [26]
	6.16		bi/bä	=	bi	bi	
	6.17		j	ž	žü	žü	
51	6.18		hiq	hiq	hig	hög	hög ebjü-[27]
	6.19		bä	bi	bi	jbi	
	6.20		j	j	žü	žü	

Жетінші жол:

1	2	3	4	5	6	7	8
52	7.1	𠂇	tüg	tüg	tüg	tïš	~*tïşjur [28]
	7.2	𠂉	j	jü	jü	jür	
53	7.3	𠁃	u	u	u	u	uqa bar [29]
	7.4	𠁄	ka	qa	ka	qa	
	7.5	𠁅	bar	ba	bar	bar	
54	7.6		ňar	nar	nar	aňar	aňar
55	7.7	𠁆	ka	qa	ka	qa	qayan
	7.8	𠁇	gan	yan	yan	yan	
56	7.9	𠁈	xša/xa	xa	ha	xan	xanii
	7.10	𠁉	na/ni	nii	ni	nii	
57	7.11	𠁊	ju/ji	ju	ju	jir	jirlap (жоктап) (мк.ii.282:лок.7 <sub>8</sub> )
	7.12	𠁋	la	la	la	la	
	7.13	𠁌	ba	ba	ba	ap	
58	7.14.	𠁍	tu	tü	tü	tü	tüner
	7.15	𠁎	nü	nu	nü	ner	
59	7.16	𠁏	tu-g=	tüg	tügä=	ötüg	ötügneb
	7.17	𠁐					
	7.18	𠁑	nya/nyä	nya	nÿä	nev	
60	7.19	𠁒	tu	tu	tu	te	taver~*tabar
		𠁓	va/wa	wa	war	ve	

Сегізінші жол:

1	2	3	4	5	6	7	8
61	8.1.	Әғсүә	xca/xa?	[ir]	bo	эрозия	эрозия
	8.2	𠄎	tu	tu	di		
	8.3.	𠄑		=			
62	8.4	эрозия	эрозия -	[ti]	=	toj	
	8.5	эрозия		[va]	=		
	8.6	𠄎	to	to	ton	toj	
63	8.7	𠄎	(go)		ka	qa/ya	qayan
	8.8	𠄎	gun	yun	yan	yan	
64	8.9	𠄎	püg	püg	püg	bögü	bögü
	8.10	𠄎	täg/tig	tig	tig	etgü	etgüči
	8.11	𠄎	či	či	či	či	
65	8.12	𠄎	să	ši	ši	ši	šinän
	8.13	𠄎	ñi-n/ni-in	ni-in	ni-n	nïn	
66	8.14	𠄎	bo	bo	bo	bo	bodisatva
	8.15	𠄎	di	di	di	di	
	8.16	𠄎	sat	sat	sat	sat	
	8.17	𠄎	va	va	va	va	
67	8.18	𠄎	tö	tö	tö	tö	törük
	8.19	𠄎	rö	rü	rö	rü	
	8.20	𠄎	xs/x	k	h(ö)	kü	
68	8.21	𠄎	ka	qa	ka	ka	qayan
	8.22	𠄎	gan	yan	yan	yan	

Тоғызынышы жол:

1	2	3	4	5	6	7	8
69	9.1.	ဇ	=	=	do	pa/ba?	толық емес
		эрозия	эрозия	=	la	=	эрозия
70	9.3	Ӡ(Ӡ)		=	ja	sa?	sarči sarij+či~ sarči [30]
	9.4	Ӡ	эрозия	=	ju	ra/re	
71	9.5	Ӡ	üč/ uč	üč	lo/la	gi+ č	
72	9.6	Ӡ	bi	bi	bi	bi	bitigin
	9.7	Ӡ	ti	ti	ti	ti	
	9.8	Ӡ	hä-n/hin	gin	gin	gin	
73	9.9	Ӡ	=	g	ka	qa	qayaniy
	9.10.	Ӡ	gu/gux	=	yan	yan	ih~ iig/ iq [31]
	9.11	Ӡ	xs	=	hi	hi/ih	
74	9.12	Ӡ	tu	tu	tu	ta	tevir~*tebir [32]
	9.13	Ӡ	va/wa	wa	war	vir	
75	9.14	Ӡ	ñar	par	nar	ajar	ajar
76	9.15	Ӡ	ka	qa	ka	qa	qayan
	9.16	Ӡ	gan	ya	yan	yan	
77	9.17	Ӡ	tö	tö	tö	tö	törökü
	9.18	Ӡ	rö	rü	rö	rö	
	9.19	Ӡ	xs/x	k	hö	kü	
78	9.20	Ӡ	ka	qa	ka	qa	qayanin
	9.21	Ӡ	ga	yan	ya	ya	
	9.22	Ӡ	nun	nun	nun	nün	

Оныншы жол:

1	2	3	4	5	6	7	8
79	10.1	پ	pa	pa	pa	aba	abada
	10.2	ز	da	da	da	da	
80	10.3	ڭ	ni	ni	ni	ni	niri
	10.4	ڦ	ri	ri	ri	ri	
81	10.5	ڱ	ka	qa	ka	qa	qayan
	10.6	ڳ	gan	yan	yan	yan	
82	10.7	ڦ	tö	tö	tö	tü	türük
	10.8	ڦ	rüg	rüg	rüg	rüg	
83	10.9	ڦ	ka	qa	ka	qa	qayan
	10.10	ڦ	gan	yan	yan	yan	
84	10.11	ڦ	xä/i	k/g	gö	i/e	ejin~*upasi [34]
	10.12	ڦ	jän	jin	jin	jin	
85	10.13	ڙ	u	u	u	u	upajii~*upasi [35]
	10.14.	ڙ	bi	bi	bi	pa	
	10.15	ڙ	j	ja	ju	ajii	
zul [36]	10.16	ڙ	ja	ja	ju	zu	zul [36]
	10.17	ڙ	lo	lo	la	la	
	10.18	ڙ	ba	ba	ba	ba	
	10.19	ڙ	j	j	ju	ju	
87	10.20	ڙ	dar	dar	dar	sar	sarqid [37]
	10.21	ڙ	kad	qad	ka-d	qid	
88	10.22	ڙ	ja	ja	jä	ja	jayib~* jaib
	10.23	ڙ	ya	y	yi	jii	
	10.24	ڙ	bi/be	bi	bi	b	

Он бірінші жол:

1	2	3	4	5	6	7	8
89	11.01.	эрозия					=
90	11.02.	эрозия					=
91	11.03	ဤ	bi	bi	bi	bi	bitig
	11.04	ဥ	tig	tig	tig	tig	
92	11.05	ဲ	=	=	=	=	=
93	11.6	ု	sag	säg	säg		оқылмайды
94	11.7	့	pag	pag	paya		baya
95	11.8	ာ	магинасын	табылмады			
96	11.9	эрозия					
	11.10	эрозия					
97	11.11	ေ	j	j	ju		j
98	11.12.	эрозия					
99	11.13	း	dar	dar	dar	dar	darqan
	11.14	်	kan	qan	kan	qan	
100	11.15	ိ	ba	bi'	bi	bi	bitib
	11.16	ီ	ti	ti	ti	ti	
	11.17	ဳ	ba	be	bä	ib	
101		္	ka	qa	ka	qa	qa...

### Күйс-толғой мәтінінің жаңғыртқан транскрипциясы (К. Сартқожаұлы нұсқасы)

- Bit[t]I [1]. Ajar<sup>1</sup> [2] qayان tegin sин [3] Bodisatva [4] төрекү
- Qаян Buda<sup>2</sup> qаяни uquq [5] uqaјu. Kerey<sup>3</sup> [6] anaqaya<sup>4</sup> [7] 29
- ... ebden<sup>5</sup> [8] jaqa<sup>6</sup> [9] abad<sup>7</sup> [10] ebgie<sup>8</sup> [11] ajar bajи [12] tolи juja<sup>9</sup> [13] kögübү<sup>10</sup> [14]

4. Bit[t]I [15]. јolo аjnar<sup>11</sup> [16] qara јayin<sup>12</sup> [17] tuvar[18] boruči<sup>13</sup>[19].

Icre<sup>14</sup> bögü<sup>15</sup> [20] ajtis aŋlan<sup>16</sup>.

5. Niri qаqanиŋ qatu[ni] ajar. Edgü<sup>17</sup> Niri qаян Türk qаян

6. Uча. Törö[21] tajaču<sup>18</sup> [22] kerey qарqin<sup>19</sup>[23], bajırqu<sup>20</sup>[24], buyıra<sup>21</sup>[25], čibijü<sup>22</sup> [26] kög ibijü (ebijü)<sup>23</sup>[27]

7. Tišijar<sup>24</sup> [28] uqa bar[29], ajar qаян xanи jırlap tünér<sup>25</sup>, ötünip tabar<sup>26</sup>

8. ....toŋ qayan<sup>27</sup> bögü etgüči<sup>28</sup> sİNİN bodisatva Türk qayan

9. .....čarıyči[şarči] [30] bitigin<sup>29</sup> qayanı [31] tevir[32]. Ajar qayan törükü qayanıŋ

10. Abada<sup>30</sup> [33] Niri qayan Türk qayan ejin (idin)[34] upasi<sup>31</sup> [35] zula[36] baʃi sarqid[37] jaʃib

11. ..... bitig .....başa .....ju.....darqan... bitib qa....

1. DM: biti- Ŋar; AB: bitig-nar; LX: biti nar

2. DM: buda; AB: buda; LX: boda

3. DM: xiri; AB: k'era; LX: hiri (kerey)

4. DM: añaqay; AB: anaqay; LX: anaqaya

5. DM: tin; AB: ten; LX: bidin

6. DM: jaʃ; AB: ja-qu; LX: jaha

7. DM: bodi; AB: bod-i; LX: bodi

8. DM: bidiy-ñar; AB: bed-eý-nar; LX: bidiyä när

9. DM: dolüjaʃ; AB: dolu jaʃu; LX: dolu jaʃu

10. DM:hügbü ; AB: (h)ügbüt; LX: hügbü

11 DM: jilonar; AB: jolo-nar; LX: jilonar

12. DM: karenyaqun; AB: qara-n['v] jaʃun; LX: kara naya ყong

13. DM: pürür; AB: puro-r; LX: pürör

14. DM: čičirä; AB: čiči-re; LX: čičiri

15. DM: pügtig; AB: pügtig; LX: pügtig

16. DM: ñalan; AB: nele-n; LX: nälän

17. DM: dügid; AB: düge-d; LX: dögid

18. DM: dörö tayaʃu; AB: dörö tayaʃu; LX: töri tuyiju

19. DM: hiri härgin; AB: kéra erkin; LX: hiri härgin

20. DM: bargo[ʃ]; AB: bar-yo; LX: bargo

21. DM: palxir; AB: palxir; LX: pahiru

22. DM: xači; AB: xači; LX: xači

23. DM: higbij; AB: higbi-j; LX: higbijü

24. DM: tügjü; AB: tūg-jü; LX: tugejü

25. DM: julaba; AB: julaba; LX: julaba

26. DM: tugnyä tūwā; AB: tūg-n yä tuwa; LX: tūgäniyä tuwar

27. DM: +xa[] tu[] to[go] gun; AB: [ir] ge [n] tu [] ta [yo] un; LX: [kodisutva] katon kaʃan

28. DM: pügtigči ; AB: pügtig-či; LX: pugtigči

29. DM: +l[]+[]iyü uč bitihin; AB: ...yu üč bitigin; LX: dolajau lola uča-da bitigin

30. DM: pada niri kaʃan; AB: pada niri qayan; LX: pada niri kaʃan

31. DM: ijin ubij; AB: iji-n ubii; LX: göjin ubiju

32. DM: darkad jayabi; AB: darqat jay bi; LX: darkad jayibi

### Құйс-толғой мәтінінің мағыналық аудармасы (К. Сартқожаұлы нұсқасы)

1. Бітті. Мұнда қаған ұстынынан бодисатва [болып қаған қайта] туады.

2. Қаған, Будда -қаған тарихатын (үқүқтарын) уағыздау Керейдің Анақая тауында (прапорина = Өтүкенде) болды.

3. Аба (ay) құрып [an] табынанын толтыра йіріп , қоныстан (куренънен) атқалағанда [аңдар] бейберекетсіз шашылып жатты.

4. Бітті. Ыланшы [қорғаушылармен] (тезарада) ымыраға келіп, сөз байласты. Іште мүріт [адамдарды] дуалады.

5. Нири қаған Қатуны (ханымы) бәрін сезді. Сөйтіп, Тәнір қаған Түрік қаған.

6. Ұшты (қайтыс болды). Төрге (биликке) бата тілек тіледі. Керей Қарқын, Байырқу, Бұғра, Чібижү [Билікпен] мақұлдасты, келісті.

7. Сырттай-ұғысты. [Олар] өздерін [жақсы] ұстады. Онда қаған қатуны

(ханы [мы] жаны қүйіп, зарлап, жоқтап түнеді. Жалбарына тілек тілеп тәуєтті.

8. ..... Қаһарлы қаған күш қуат беруші ұстынынан Бодисатва болып қайта туатын қаған.

9. ... [эрозия] шаршы [тастағы] бітігіті (ұстынды) құшақтап ұлықтаса қаған қайта туады.

10. Көпшіл Нири қаған-Түрік қаған иеміздің қаптаған шәкіртері шырақ ұстап самсытты. [Аруақтың] сарқытасы (қонақасы) жайылды

11. ... [эрозия].... мәтін (бітік). [эрозия] Баға (лауазым) Тархан жазып қа.....

### Түсініктемелер

[1]. Biti (bit[ʃtʃi]). Бұл сөздің 1-буынын Dieter Maue (бұдан былай DM деп қысқартып беріледі), оның шәкірті L. Хурцбаатар (бұдан былай LX деп қысқартылып беріледі) «Bi» деп, 2-буынын ti-деп транскрипция жасап. DM-Biti, LX- Bid (біз) деп жаңғыртқан. Мұндағы -i- еріндік емес, ілгерінді, көтеріңкі дыбыс (негубной, передний ряд, верхний подъем).

ЛХ-бұл дыбысты тіл ортасымен сүйемелденіп кедергісіз шығатын әлсіз дауыссыз дыбыспен -j- (-й) шатастырып алған. -і, мен-ј екеуі еki түрлі айттылатын дыбыстар.

Бұл дыбыстар қолданылған сөздің мәні мұлде басқаша болып өзгереді. Александр Вовин (АВ) екінші буынның соңына -g- дыбысын қосып транскрипция жасап «Biti» [g] деп оқып жаңғыртқан. Біз «bit[t]i» деп оқыдық. Бір тұлғаның бір ғұмыры бітті, өлді. Bit-аяқтау, біту (ЭСТЯ.1978.c.352; ДТС.103;МК.s4616)

[2] ajar-сөзін DM –«ягар» деп транскрипция жасаған, АВ мен ЛХ екеуі бұл ескерткіштегі мәтінді ежелгі монғол тілінде жазылған мұра етіп жасау мақсатында монғол тілінің «nar» (көптік) жалғауы етіп окуға тырысқан. Өкініштісі, авторлардың мақсатын мәтіннің 1-жолындағы сөйлем логикасы қабылдамай тұр. Біз бұл буынды DM-нің транскрипциясы бойынша «ajar» деген көмекші сөз ретінде оқып жаңғырттық (suv.247<sub>11</sub>; КТ.IV.11; Түж.20).

[3]. 5 сөз «sīn+p»-ды құраған sīn+pн буындарын жоғардағы үш автор бірдей транскрипция жасаған. Берілген атау сөздің мәнін дәп басып айттып бере алған. «sīn taš» -ұстын тас (МК.III.65; қазіргі сібір түрктері, қазақтар ежелгі ұстын тастарды сынтақ деп атайды (КТС. 2013.б. 1193; МК.III.65; ДТС.503)

[4] Botisatva -бұда дінінің философиялық атауы «ақылман, данагой» деген мағына береді. Будда діні философиясын жеттік менгерген даналар адами түрғыда жетіліп, дүниетанымы мұлде өзгереді мұндай діні қайраткерлерді будда дінінде қайта туған адам деген түсінік қалыптастырыған. Олар -Бодисатвалар. «sekit jükmek» деп аталатын будданың қасиетті кітабында мұриттері (qıvtaq) бодисатва болып даналыққа қол жеткізгені туралы ақпарат қалдырыған (ТТ.VI.424; ДТС.107). Алғашқы Көк Түрік қағанатының Таспар (Нивар) қағаны будда дінін қабылдап, бүкіл халықты сол дінге енгізуге ниет еткен. Халық қабылдамағандықтан будді діні Нирі қаған өлген соң түрктер ортасынан мұлдем шеттетілген.

[5] Екінші жолдың 11 сөзі «iqu~\*iqu». Құндіз -түні тәуетіп, кітап оқып білімге жетілу (QBN 23<sub>7</sub>; QBH 16<sub>25</sub>; МК.I.62; ЮГ С22)

[6]13 сөз «кереу» тайпа этнонимі (атауы)

[7]14 сөз «анақауа». Бұл атауга жоғардағы үш автор түсінік бере алмаған. Ана-ана (мать) (МК.I.93;169; ЮГ В<sub>291</sub>;ДТС.43). «қауа»- жартас, таулы жер (МК.III.20;177;ТТ.VII.29<sub>13</sub>; ДТС.406). Сөзбе сөз мағынасы Ана жер (исконная земля, прародина), Ана жартас немесе Ана қырат, жотасы. Олай болса бұл тіркеске байланысты үш түрлі түсінік беруге болады.

1. Күйс Толгой ұстыны бүтінгі күні Ханғай жотасы аталағып отырған ежелгі Өтүкен байтағынан табылып отыр. Байырғы түрікше Өтүкен йыш (Өтүкен орманы) аталағыш мәтін бойынша бұл жер ол заманда Керей тайпалық Одағының байырғы мекені екенін сөз етіп тұр.

2. Байырғы түрктердің дәстүрі бойынша ұлы адамдардының мұрдесін таудың үстіне , немесе жартас үңгіріне жерлейтін болған.

3. Будда дінінің мұриттері Құдайға жалбарынғанда, гибадат жасағанда таудың үңгіріне барып орналасып , сонда бір неше күн, немесе бір неше ай бойы үағызнама оқып, гибадат жасайтын болған. Соңдай бір киелі орын Керей тайпасының мекенінде болған болуы мүмкін. Соны мегзеп «Керей анақая» (анақауа) деп жазып қалдырыған болуы да мүмкін.

